

Қобда аудандық мәслихаттың 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 230 "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 шілдедегі № 33 қаулысы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңының 6 бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480 "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қобда аудандық мәслихатының 2015 жылғы 23 желтоқсандағы № 230 "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4715 тіркелген, 2016 жылғы 2 ақпанда аудандық "Қобда" газетінде жарияланған) шешімнің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

*Мәслихат сессиясының
төрағасы мәслихаттың
Б. ТОЛЫБАЕВ*

*Аудандық хатшысы
Ж. ЕРҒАЛИЕВ*